

## 2002 жылғы егіннің астығын сатып алудың кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 3 қыркүйек N 961

Отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді қолдау, ішкі рынокта астық бағасының демпингін болдырмау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі  
қ а у л ы е т е д і :

1. "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" жабық акционерлік қоғамына экспортқа шығару үшін 2002 жылғы егіннің 1000000 (бір миллион) тоннаға дейінгі көлемдегі астығын кредит ресурстарын тарту есебінен сатып алуды жүзеге асыру ұсынылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі А.С.Есімовке жүктелсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қасымбеков Б.А.